

3. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктері іске асыру қағидаларына сәйкес іске асырылады.

4. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің тиімді және уақтылы қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында Ақтөбе облысының әкімі Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі — Комиссия) құрады және оның құрамын бекітеді.

5. Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Комиссияның төрағасы болып табылады, кәсіпкерлік, сауда және ауыл шаруашылығы басқармаларының (бөлімдерінің) қызметкерлері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері Комиссия мүшелері болып табылады. Комиссия өз қызметін тұрақты негізде жүзеге асырады.

6. Комиссияның сандық құрамы тақ болуы және кемінде тоғыз адамнан тұруы тиіс. Бұл ретте комиссия мүшелерінің үштен екісі жеке кәсіпкерлік субъектілері бірлестіктерінің және қоғамдық ұйымдардың өкілдері болуы тиіс. Комиссия хатшысы оған мүше болмайды.

7. Комиссияның құзыретіне мыналар жатады:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шешім қабылдау;

2) азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын құру және пайдалану тетігін іске асыру мақсатында азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін анықтау;

3) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларына сәйкес қарыз беру үшін мамандандырылған ұйымда алдын ала конкурстық іріктеуден өткен кәсіпкерлік субъектісін айқындау;

4) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесін анықтау бойынша мамандандырылған ұйымдардың ұсыныстарын қарау.

8. Комиссияның жұмысын құруды және ұйымдастыруды «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі — Басқарма) қамтамасыз етеді.

9. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Басқарма әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады.

10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге Басқарма мамандандырылған ұйыммен тұрақтандыру қорының заңтай және ақшалай мәндей өтегіл активтері туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасасады.

Тұрақтандыру қоры таратылған жағдайда мамандандырылған ұйым азық-түлік тауарларын сатып алу үшін пайдаланылған бюджет қаражатының жергілікті бюджетке қайтаруымен қамтамасыз етеді.

Егер мамандандырылған ұйымның шешімі бойынша азық-түлік тауарларын өткізу сатып алу бағасынан төмен баға бойынша жүзеге асырса, онда соманың қайтаруы сатып алу және өткізу бағаларының айырмасын шегере отырып жүзеге асырылады.

11. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымның үстеме шығыстары азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағаларының айырмасы есебінен жабылады.

12. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардың (бұдан әрі — мамандандырылған ұйым) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

13. Мамандандырылған ұйым ай сайын айдың 10-на дейін Басқармаға әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынады.

14. Басқарма ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасы Асыл шаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің іске асырылу бағары туралы ақпарат ұсынады.

2-тарау. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру бойынша тетіктерді іске асыру тәртібі

15. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының нарығын тұрақтандыру мақсатында Ақтөбе облысының әкімдігімен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандырудың:

- 1) тұрақтандыру қорларының қызметі;
- 2) кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тетіктерін іске асырады.

1-параграф. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорлары қызметінің тәртібі

16. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорларының қызметі өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жүзеге асырылады.

17. Азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қорын қалыптастыру мен пайдалану жөніндегі тетікті іске асыру мақсатында Комиссия сұраныс пен ұсыныстың өңірлік балансының (өңдіріс көлемі, азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың болуы), егіс алаңдары (жоспарлы), егіннің болжамды шығымы, өткен күнтізбелік жыл ішінде қабылданған бағалар туралы мәліметтердің, сондай-ақ өзге де мәліметтер негізінде азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін, сондай-ақ шекті сауда үстемесін айқындайды.

18. Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алуға қажетті әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесі «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы №145 қаулысымен бекітілген тізімнен қалыптастырылады.

19. Мамандандырылған ұйым өткізетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңы 19-бабының 1-тармағына сәйкес, Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес Ақтөбе облысының статистика органдары қалыптастыратын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының ресми нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

20. Комиссия Ақтөбе облысы әкіміне азық-түлік тауарларының тізбесін және олар бойынша шекті сауда үстемесін бекіту туралы ұсынымдар енгізеді.

21. Ақтөбе облысының әкімдігі Комиссияның ұсынымдары негізінде сатып алынатын азық-түлік тауарларының тізбесін және шекті сауда үстемесін бекітеді.

22. Өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарлары тікелей өндірушілерден және (немесе) ауыл шаруашылығы өндірушілерінен және (немесе) көтерме кәсіпорындардан (дистрибуторлардан) сатып алынады.

23. Өңірлік тұрақтандыру қорларына сатып алынатын азық-түлік тауарлары «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республи-

касының Заңына сәйкес тамақ өнімдерін сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес болуға тиіс.

24. Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өңірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына және агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің нарықтарына тұрақты негізде талдау (өңдіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауарларының жылжытылуы, запастардың, бағалардың болуы) жүргізеді, өңірлік тұрақтандыру қорына сатып алынатын азық-түлік тауарларының көлемін айқындайды және сатып алу интервенциялары туралы шешімді қабылдайды.

25. Өңірлік тұрақтандыру қорын пайдалануды тауар интервенцияларын жүргізу және азық-түлік тауарларын жаңарту жолымен мамандандырылған ұйым жүзеге асырады.

26. Мамандандырылған ұйым аграрлық азық-түлік нарығына реттеушілік ықпал ету қажет баға деңгейінің көтерілуі жағдайында, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, тауар интервенцияларын жүргізу туралы шешім қабылдайды.

27. Мамандандырылған ұйым өңірлік тұрақтандыру қорын уақтылы жаңарту мақсатында тұрақты негізде өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының сақталу мерзімдерін қамтамасыз етеді.

28. Өңірлік тұрақтандыру қорын жаңарту азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін өңірлік тұрақтандыру қорынан азық-түлік тауарларын өткізу немесе кейін дәл сондай көлемдегі жаңа сақталу мерзімімен немесе келесі жылы жаңа шығымнан азық-түлік тауарларын жеткізе отырып, азық-түлік тауарларының сақталу мерзімі аяқталғанға дейін азық-түлік тауарларын қайтару жолымен жүзеге асырылады.

29. Өңірлік тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларын тауар интервенциялары, азық-түлік тауарларын жаңарту үшін мамандандырылған ұйымдар өздерінің өткізу нүктелері және (немесе) азық-түлік тауарларын өткізетін сауда объектілері арқылы, сондай-ақ өңдеу кәсіпорындары шекті сауда үстемесі шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіру үшін өткізуді жүзеге асырады.

30. Бұл ретте өңдеу кәсіпорны өндірген дайын азық-түлік тауарының бағасы Ақтөбе облысының әкімдігімен бекітілген шекті рұқсат етілген бөлшек сауда бағасынан аспайды және мамандандырылған ұйымның өңдеу кәсіпорнымен жасасқан өткізу туралы шартында айтылады.

31. Басқарма мамандандырылған ұйыммен бірлесіп тауар интервенцияларын жүзеге асыратын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, Басқарманың және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

2-параграф. Кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беру тәртібі

32. «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» мемлекеттік мекемесі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында Комиссия айқындайтын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес мамандандырылған ұйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін қарыз береді. Қарыз беру қарыз шартын жасасу жолымен қайтарымдылық, қамтамасыз етілу және төлемдік талаптарымен жүзеге асырылады.

33. Бағаларды тұрақтандыру мамандандырылған ұйымның әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына белгіленген төмендетілген бөлшек/көтерме сауда бағаларын белгілеуі жолымен қамтамасыз етіледі.

33.1 Мамандандырылған ұйым статистикалық деректер және басқа да көздер негізінде өңірдің азық-түлік тауарларының ішкі нарығына (өңдіріс көлемі және азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуі, олардың тауар қозғалысы, қорлардың, бағалардың болуы) тұрақты талдау жүргізу, бағаны тұрақтандыру үшін қажетті азық-түлік тауарларының көлемі мен бағаларын айқындау.

34. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектісін комиссия алдын ала конкурстық іріктеу бойынша осы Қағидаларда белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды.

34.1 Мамандандырылған ұйым алдын ала конкурстық іріктеуді кәсіпкерлік субъектілеріне қойылатын мынадай талаптардың (өлшемшарттардың) негізінде кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдері бойынша жүзеге асырады:

- 1) кәсіпкерлік субъектілерінде қажет болған жағдайда азық-түлік тауарларын өндіруге не тиісінше сақтауға, азық-түлік тауарларымен сатып алу және өзге де операцияларды орындауға арналған және азық-түлік тауарларының бағаларын тежеуіе бағытталған шаралар кешенін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін өндірістік (ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін) не сауда-логистикалық (сауда субъектілері үшін) инфрақұрылымының болуы;
- 2) банк өнімдері (кредиттер, лизингтер, есеп айырысу шоттарына қызмет көрсету бойынша берешек) бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;
- 3) мемлекеттік сатып алу бойынша жосықсыз өнім берушілер тізімінде болмауы және мамандандырылған ұйымдарында орындалмаған және (немесе) уақтылы орындалмаған міндеттемелерінің болмауы;
- 4) салық берешегінің болмауы;
- 5) қарыз бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуы;
- 6) бұрын берілген займдар бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы;
- 7) банкроттық не таратылу рәсіміне жатқызылмауы.

35. Комиссия кәсіпкерлік субъектісін айқындағаннан кейін мамандандырылған ұйым кәсіпкерлік субъектісіне қарыз береді.

36. Кәсіпкерлік субъектісі мамандандырылған ұйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл және/немесе банктік кепілдендіру және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/епілгерлігі және/немесе корпоративтік кепілдендіру. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

37. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

38. Жергілікті атқарушы органдар бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға бөлінген қаражат қаржыландыру көзі болып табылады.

39. Қарыз мерзімі өткен берешекті қайта қаржыландыруға берілмейді.

40. Қарыз тек ұлттық валютада беріледі.

41. Қарыз алушы бюджеттік кредит қаражатын бюджеттік бағдарламада және кредиттік шартта көзделген мақсаттарға ғана пайдаланады.

42. Бюджеттік кредит мақсатсыз пайдаланылған жағдайда қарыз алушы мен түпкілікті қарыз алушы Қазақстан Республикасының заңдарына және кредиттік шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

43. Бюджеттік кредит қаражатын екінші деңгейдегі банктің депозиттік шотына орналастыруға тыйым салынады.

44. Ақтөбе облысының қалалары мен аудандарының әкімдіктері мамандандырылған ұйыммен бірлесіп әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын тіркелген төмендетілген бөлшек бағамен сататын сауда объектілерінің орналасқан жері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органның және мамандандырылған ұйымның ресми сайттары арқылы халыққа жеткізу бойынша ақпараттық жұмыс жүргізеді.

45. Мамандандырылған ұйым қарыз алған әрбір сауда объектісінде аптасына кемінде бір рет қарыз шарты бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Есепті өткізу туралы хабарландыру

Табиғи монополиялар субъектісі болып табылатын «Компания «Техногаз» ЖШС 2022 жылы 29 шілдеде жергілікті уақыт 11.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Кенқияқ ауылы, 11-үй, 2-пәтер К.Балуанов көшесінде орналасқан «Компания «Техногаз» ЖШС-ның кеңсесінде газ құбырлары арқылы газ тасымалдау жөніндегі реттеген қызметтердің ұсынылуы бойынша және инвестициялық бағдарламаны орындау бойынша тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға 2022 жылдың бірінші жартыжылдық нәтижелік есеп беру өткізілетінін хабарлайды.

«АСТРА-А» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 27.07.2022 ж. сағат 14.00-де Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Әйке ауылы, Алтынсарин к., 7 мекенжайында «Ақтөбе облысында М-41-41-(10г-5в-1,2) учаскесіндегі барлау жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Карантин ұзартылған жағдайда бұл қоғамдық тыңдау ZOOM платформасындағы бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=VXlBbVNiX2F0RTg0cGhHV002OFJkdz09> Идентификатор: 253 810 1026. Күпиясөз: 0ShUjIn.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАОА <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүүлер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты aktolgai97@mail.ru мекенжайы бойынша және 8-747-605-9846 телефоны бойынша алуға болады.

«Проектная фирма «Гарант» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 10.08.2022 ж. сағат 14.00-де Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Бұлақты ауылы, Төлеу Алдабергенов к., 11 мекенжайында «Ақтөбе облысында (М-40-94-(10е-5г-2,3,4,5,7,8,9,10,12,13,14,15) және М-40-95-(10с-5в-1,6,11) блоктарында) учаскесіндегі барлау жоспары» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Карантин ұзартылған жағдайда бұл қоғамдық тыңдау ZOOM платформасындағы бейнеконференция байланысы арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады. Сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXlBbVNiX2F0RTg0cGhHV002OFJkdz09> Идентификатор: 253 810 1026. Күпиясөз: 0ShUjIn.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАОА <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертүүлер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты aktolgai97@mail.ru мекенжайы бойынша және 8-747-605-9846 телефоны бойынша алуға болады.

«Ақтөбе» және «Актюбинский вестник»
газеттеріне екінші жартыжылдыққа
жазылу жүріп жатыр

индекс	Жазылушылар санаты	Бағалар		
		қала	ауыл	
65420	Жеке тұлғалар үшін	6 ай	4716,45	5032,50
66420	Заңды тұлғалар үшін	6 ай	5826,45	6142,50
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	6 ай	4176,45	4492,50

Жазылуды ұмытпаңыз!

Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпараттарды ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67; 54-79-80 (редакция), 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).

Жарнама бөлімі:

56-31-30

aktobesmi@mail.ru

Ақтөбе газетіне кәсіби беттеуші қажет. InDesing, Photoshop бағдарламаларымен жұмыс істей білуі шарт.

Байланыс телефондары: 56-01-85, 90-71-62.

АКТӨБЕ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі: «АКТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған

Директор Раукен ОТЫНШИН

Бас редактор Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қаңтарда тіркеліп, №16856-г/ куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары Мейрамғұл САТАЕВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ СЯСАТ БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Данагүл ҚАЗИХАН, 56-29-98

Тілшілер Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақбота ҚАЛДЫБЕК

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Айбек ТАҚАЛИЕВ, 90-71-64

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция ақырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар - Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, А.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ, Самат НАРЕГЕЕВ

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ: Бөлім меңгерушісі Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 55-11-11

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ: Беттеушілер Нұрша БИДАНОВА Динара САНГУЛОВА, Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректор Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 54-79-80

Жарнама бөлімі 56-31-30

Мекенжайымыз: 030007, Ақтөбе қаласы, Тілеу Батыр көшесі, 10.

Факс: 54-69-00. Қабылдау бөлмесі: 54-69-00. Сайт: www.aktobegazeti.kz E-mail: aktobegazeti@mail.ru Аптасына 3 рет шығады.

Таралымы 19078 Тапсырыс №780

Немірдің кезекші редакторы Индира Өтеміс